

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 197аю Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 115-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында :

"500" деген сандар "793" деген сандармен ауыстырылсын;

"120" деген сандар "270" деген сандармен ауыстырылсын;

"30" деген сандар "44" деген сандармен ауыстырылсын;

"16 бірлік" деген сөздерден кейін "маршрутизатор (Cisco 3845) - 1 бірлік, маршрутизатор (Cisco PixFirewall) - 1 бірлік" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы